



Кәсіби мереке

ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫ - ЕРЛЕР АМАНАТЫ

Еліміздің тыныштығын күзету жолында аянбай еңбек етіп жүрген тәртіп сақшыларының қызметі әрдайым зор құрметке лайық. Осы ретте жауапты міндетті абыроймен атқарып келе жатқан сала майталмандарын ұлықтау мақсатында 23 маусым – Қазақстан Республикасының Полициясы күніне орай аудандық Мәдениет сарайында салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.

Мерекелік жиында аудан әкімінің міндетін атқарушы Терлікбаев Берік Серікқанұлы құқық қорғау саласының басшылары мен қызметкерлерін, ардагерлерді, бөлім және мекеме қызметкерлерін құттықтады.

Жарма ауданының әлеуметтік әрі экономикалық жағынан өркендеуіне өңірлік полиция бөлімінің қосып отырған үлесі зор. Осы ретте Отан алдындағы берген Антына адал қызмет етіп жүрген Өздеріңізге ерекше алғысымды білдіремін! Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы елімізде «Заң мен тәртіп» қағидатын басты міндеттердің бірі ретінде алға қойып отыр. Осы бағытта аудан көлемінде құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған



рейдтік іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсе, құқық қорғау органдары басшыларымен бірлескен жеке қабылдаулар да тұрақты өткізіліп келеді. Жүктелген жауапты міндеттерді абыроймен атқарып, халықтың құрметіне бөленіп, қызметтеріңізде жаңа жетістіктерге жете беріңіздер», – деп бүгінгі кәсіби мерекемен құттықтады.

Сонымен қатар, Жарма ауданы Полиция бөлімінің бастығы Райстанов Дәулет Дәлелханұлы да әріптестерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, игі тілегін білдірді.

Салтанатты іс-шара барысында елдің тыныштығын сақтап, аманатты аркалап, өз қызметінде жауапкершілік пен кәсіби шеберлік танытқан бірқатар полиция қызметкерлері аудан әкімінің жәре Жарма аудандық Полиция бөлімі басшысының «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

Мерекелік кеш концерттік бағдарламамен жалғасып, әуезді әндер қонақтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Өз тілшіміз.

ДАҢҚ ПЕН АБЫРОЙ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ



Сейсенбі күні Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби мерекелеріне орай аудан әкімдігінде салтанатты іс-шара өтті. Оған аудан әкімінің міндетін атқарушы Берік Терлікбаев қатысып, сала мамандары мен ардагерлерін құттықтады.

Сөз кезегінде халыққа қызмет етіп жүрген мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне тоқталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Мемлекеттік қызметшінің сапасы – бүкіл еліміздің сапасы деп айтуға болады. Бүгінде мемлекеттік қызметшілерге заманауи, сапалы қызмет көрсету міндеті қойылып отыр. Өйткені, халықтың билікке деген сенімі қазіргі қоғамның талаптарына сай мемлекеттік қызметшіден басталады. Осыған байланысты Президент қазіргі заманға сай мемлекеттік басқарудың жаңа үлгісін қалыптастыру керектігін

атап көрсетті. Ауданда мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің сапасын арттыру, беделін көтеру бағытында көптеген жұмыс істеп, халыққа қызмет көрсетуде. Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, ел мүддесі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! – деді аудан әкімінің міндетін атқарушы Берік Серікқанұлы.

Кәсіби мерекеде ауданның дамуына үлес қосып жүрген мемлекеттік қызметшілер облыс әкімі мен аудан әкімінің «Алғыс хаттарымен» марапатталды. Олардың қатарында облыс әкімі Берік Уәлидің «Алғыс хатымен» Аюқал ауылдық округінің жетекші маманы Бақытгүл Жұмашева, Жарма ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Жазира Маханова, Қарасу ауылдық округінің бас маманы Мәсәлім

Абдуллин, Суықбұлақ кенті әкімі аппаратының бас маманы Самал Токтарбаева, Жаңғызтөбе кенті әкімі аппаратының бас маманы Ақжан Жақсантай және Қалбатау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Айгерім Леспаева бар.

Ал ҚР Кәсіподақ комитетінің «Өз ісінің маманы» тосбелгісімен Белтерек ауылдық округінің бас маманы Капашева Рауфған Қайыртайқызы марапатталса, аталған комитеттің «Құрмет» грамотасымен Жарма ауданы әкімі аппаратының Ұйымдастыру жұмыстары және ақпараттық технологиялар бөлімінің бас маманы Арайлым Талғатқызына, «Алғыс хат» Жарма ауданы әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімінің бас маманы Аккулова Аңсаған Назанқызына табыс етілді.

Келесі кезекте аудандық мәслихат төрағасы Мейірхан Оспанбаев және Жарма ауданы әкімінің аппараты басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл Шаймұратов Қанат Рымханұлы мемлекеттік қызметшілерге құттықтауын білдірді, сала ардагерлері мен мамандарға зор ілтипат пен құрмет көрсетіп, аудан әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Сондай-ақ мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп жүрген жас мамандардың ата-аналары да мерекелік шараға шақырылып, «Алғыс» хатқа ие болды. Ата-аналар да шара барысында ризашылықтарын білдіріп, мерекелік құттықтауларын жеткізді.

Даңқ пен абырой арнасында жауапкершілігі зор мемлекеттік қызметшілердің арнайы мерекелік марапатқа ие болуы сала мамандарының еңбегін айшықтай түскені сөзсіз, мерекелік іс-шара сонында аудан өнерпаздары әсем әндерін тарту етті.

Кәусар Арықханқызы.



kalba_tynysy



kalba_tynysy



@rv_media2@mail.ru



8-723-47-6-26-99

ЗАМАНАУИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ



Мемлекеттік қызмет – еліміздің тұрақты дамуы мен өркендеуіне негіз болатын маңызды сала. Қазіргі кезеңде мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, оның тиімділігі мен ашықтығын арттыру – кез келген мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі, адалдығы мен жауапкершілігі қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімінің басты кепілі болып табылады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет жүйесін дамыту бағытында ауқымды реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бүгінде мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, ашықтықты қамтамасыз ету, меритократия қағидаттарын нығайту, азаматтарға бағдарланған мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру – мемлекеттік қызмет саласындағы кадрлық саясаттың басым бағыттары.

Осы тұрғыда мемлекеттік қызмет саласын реттейтін құқықтық базаны жаңарту ерекше маңызға ие. Мемлекет басшысы ағымдағы жылдың 19 мамыр күні қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заң осы бағыттағы реформалардың заңнамалық негізін нығайтып, мемлекеттік аппараттың сапалы дамуына оң серпінін бермек. Заңда қарастырылған өзгерістер Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалған демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет қағидаттарына, сондай-ақ кәсібилік, заңдылық, ашықтық, халыққа қызмет ету және меритократия принциптеріне негізделген.

Жаңа заңның басты ерекшеліктерінің бірі – мемлекеттік қызмет жүйесін заманауи талаптарға бейімдеу. Бұл ретте меритократия қағидатын күшейту, яғни мемлекеттік қызметке қабылдау мен қызметтік өсу барысында кәсіби біліктілік пен еңбек нәтижесін басты өлшем ретінде қарастыру көзделді. Бұл ретте, басшылық емес төменгі лауазымдарды лауазымдық деңгейлерге бөлу арқылы, қызметшінің еңбек өтілін, кәсіби жетістіктері мен тәртібін, сондай-ақ халықтың пікірін ескере отырып, бір лауазым ішінде горизонталды мансаптық өсуге және тиісінше лауазымдық еңбек ақысын ұлғайтуға мүмкіндік беріледі.

Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметке дарынды және талантты жастарды тарту бағытында да оң өзгерістер күтілуде. Мысалы, жоғары оқу орындарын GPA көрсеткіштері 3,33 және одан жоғары үлгеріммен үздік аяқтаған түлектер үшін басшылық емес мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға конкур-

стан тыс орналасу мүмкіндігі берілді. Бұдан бөлек, болашақта кәсіби өмірін мемлекеттік қызметке арнаймын деген мектеп түлектері үшін де арнаулы мемлекеттік тапсырыс әзірлеу арқылы талапты жастарды мемлекет есебінен оқытып, артынша мемлекеттік қызметке конкурсыз қабылдану мүмкіндігі берілмек. Бүгінгі таңда, мемлекеттік қызметке ерте кәсіптік бағдарлау тетіктері заңмен бекітіліп мектеп жастарының бойында мемлекеттік қызмет туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында әр оқу жылы өткізілетін кең ауқымды түрлі шаралар кешені одан әрі күшейтілмек. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесі ретінде жақын болашақта мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамын халықтың сұранысына толықтай сай келетін кәсіби біліктілігі мен тұлғалық құзреттері барынша жоғары деңгейде дамыған мектеп жасынан бастап анықталған дарындардың қатарынан жасақтау көзделген.

Өз кезегінде, заңда мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыру және әдеп нормаларын сақтау тетіктері күшейтілген. Бұл мемлекеттік аппараттағы тәртіп пен сенімділікті нығайтуға ықпал етеді. Цифрландыру үдерістерін енгізу де маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Цифрлық жүйелердің қолданылу аясын қадам-қадаммен кеңейту арқылы бюрократиялық кедергілерді азайтып азаматтарға қолайлы жағдай жасалуда.

Аталған заңның қабылдануы азаматтар үшін мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті арттырып, олардың сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың жұмысы ашық әрі нәтижелі бола түсіп, халық пен билік арасындағы өзара сенім деңгейі артады. Сонымен қатар, мемлекеттік аппараттың кәсібилігі артып, басқарушылық шешімдердің сапасы жақсармақ. Бұл өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, ағымдағы жылдың I шілдесінде қолданысқа енгізілетін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заңы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртудың маңызды құралы болып табылады. Ол мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттырып қана қоймай, заманауи, ашық және жауапты басқару моделін қалыптастыруға негіз болады.

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Абай облысы бойынша
департаменті**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН НОВЕЛЛАЛАРЫН ТҮСІНДІРУ

2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясы еліміздің қазіргі саяси-құқықтық даму кезеңін бейнелей отырып, адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары басым тұрған Әділетті Қазақстанның конституциялық құндылықтарын нақты бекітеді.

Елдің Негізгі заңының құрылымы мен мазмұны қазіргі заманғы шынайылықтар мен қоғам сұранысын ескере отырып, конституциялық модельді кешенді әрі ішкі тұрғыдан үйлесімді түрде жаңарту негізінде тұжырымдамалық тұрғыдан қайта қарастырылды.

Конституция Қазақстан Республикасын дамыту мен жаңғыртудың ұзақ мерзімді стратегиясының берік іргетасы болуға арналған.

Негізгі Заң Кіріспеден, 11 бөлімнен және 96 баптан тұрады.

Конституцияның Кіріспесінде Негізгі Заңды қабылдаудың негізгі мақсаттары, принциптері, құндылықтары мен мотивтері жазылған, мемлекеттің миссиясы, оның тарихи контексті, әлеуметтік бағдарларды анықтайтын мәдени ерекшеліктері көрсетілген.

Оған қағидаттар, құндылықтар мен мақсаттардың жиынтығын енгізу заңнаманы қалыптастыру және мемлекеттік саясатты іске асыру кезінде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз етуге, сондай-ақ барлық конституциялық нормаларды түсіндіру үшін ортақ мағыналық бағдарды айқындауға мүмкіндік береді.

Конституцияның кіріспесі өзінің маңыздылығын едәуір кеңейтеді және тек кіріспе ғана емес, сонымен қатар жүйе құраушы функцияны да орындайды.

Егер 1995 жылғы Конституция кіріспесінің редакциясы Негізгі Заңның қабылдануының тарихи-саяси алғышарттарын негізінен бекітіп, тәуелсіздік таңында өзекті саяси-құқықтық жағдайды көрсетсе, онда жаңа Конституцияда ол мемлекет дамуының ұзақ мерзімді құндылық және стратегиялық бағдарларын бекіту құралы ретінде пайдаланылады.

Бұл өзгеріс Конституциядағы тарихи кезеңнің сипаттамасынан мемлекет дамуының тұрақты моделін бекітуге көшуді көрсетеді.

Стратегиялық бағдарларды конституциялық деңгейде бекіту олардың өзгермейтіндігін және қысқа мерзімді саяси өзгерістерден қорғалуын қамтамасыз етеді, бұл әсіресе мемлекеттік саясаттың дәйектілігі үшін маңызды.

Халық бірлігін және ұлттық, тарихи бірегейлікті растау ретінде «Қазақстанның біртұтас халқы» деген тіркес нақты бекітіледі және мемлекет енді тек құрып қана қоймай, Ұлы Даланың желгі қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайтып, мыңжылдық тарихтың сабақтастығын сақтай отырып дамытады.

Аталған «Қазақстанның біртұтас халқы» тұжырымдамасы азаматтардың теңдігін және олардың біртұтас саяси-құқықтық қоғамға қатыстылығын бекіте отырып, қоғамды шоғырландырудың құқықтық негізін қалыптастырады.

Әділетті Қазақстан идеясын және «Заң мен тәртіп» қағидатын бекіту барлығының заң алдындағы теңдігіне, институттардың тұрақтылығына негізделген мемлекеттіліктің неғұрлым жетілген моделіне көшуді көрсетеді.

Аталған қағидаттарды бекіту оларды бүкіл мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі базалық бағдарларының деңгейіне шығарады. Бұл тұрғыда "заң және

тәртіп" принципі заң шығару және құқық қолдану қызметі үшін нұсқаулық болып табылады. Сонымен қатар, Әділетті Қазақстан идеясы мемлекетті жеке тұлға, қоғам және мемлекет мүдделерінің теңгеріміне, сондай-ақ құқықтар мен міндеттерді іске асыруда теңгерімсіздікке жол бермеуге бағыттай отырып, осы талаптарға мазмұнды толықтыру береді.

Қоғамдық бейбітшілік пен орнықты дамудың негізі ретінде этносаралық және конфессияаралық келісімді сақтауға елеулі көңіл бөлінеді.

Этносаралық және конфессияаралық тепе-теңдікті құқықтық бекіту барлық азаматтардың теңдігін қамтамасыз етуге және айырмашылықтар негізінде қалыптасқан болдырмайтын қоғамның тұрақты дамуы үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Мәдениетке, білімге, ғылымға және инновацияға, сондай-ақ болашақ ұрпақ алдындағы экологиялық жауапкершілік пен жауапкершілікке ерекше назар аударылады. Бұл елдің адами капиталын, ғылыми-технологиялық әлеуетін дамытуға және әлеуметтік-экономикалық дамудың теңгерімділігін қамтамасыз етуге арналған тұрақты құқықтық негіз қалыптастырады.

Ғылымды, білім беруді және инновацияларды конституциялық деңгейде бекіту олардың басым дамуын қамтамасыз ете отырып, осы салаларды мемлекеттік қолдаудың тұрақты жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді.

Экологиялық компонент, өз кезегінде, қабылданған шешімдердің ұзақ мерзімді салдарын ескеру қажеттілігін енгізе отырып, рұқсат етілген экономикалық өсудің шектерін бекітеді. Бұл дегеніміз, экономикалық қызмет пен табиғи ресурстарды пайдалану оларды сақтау міндеттерімен байланысты болуы керек.

Конституцияның бірінші бабында Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет болып табылады, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады деп бекітілген.

Зайырлы мемлекеттің қағидаттарын ескере отырып, сондай-ақ азаматтардың діни сенімдеріне қарамастан олардың теңдігін қамтамасыз ету мақсатында дінді мемлекеттен бөлу қағидаты тікелей 7-бапта бекітілген.

Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер Конституцияның II-бөлімінде бекітілген. Конституциялық құндылықтар жүйесінде өмір сүру құқығының ерекше орнын бекітіп, өмір сүру құқығы ажырамас әрі иеліктен шығарылмайтын құқық ретінде 17-баптың 1-тармағында танылды.

Жаңа Конституцияда (VIII бөлім, 76-83-баптар) сот жүйесі құқық қолдану институты ғана емес, адам құқықтары мен азаматтардың мемлекетке деген сенімін қорғаудың басты кепілі болып табылады.

Сонымен қатар жаңа Конституцияда Адвокатура алғаш рет азаматтардың заң көмегіне құқығын қамтамасыз ететін дербес институт ретінде Негізгі заң деңгейінде бекітілді (86-бап). Бұл адамның құқықтық қорғалуын нығайтуға және сот төрелігі жүйесіндегі адвокатураның рөлін арттыруға бағытталған негізгі құқықтық новеллалардың бірі.

А.Садуакасова, Судья.

Ыстық күндері суғағы қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз!



Жаз мезгілінде күннің ыстығына байланысты тұрғындардың су айдындарында демалуға деген қызығушылығы артады. Алайда судағы қауіпсіздік талаптарын сақтамау қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін.

Жарма ауданының төтенше жағдайлар бөлімі азаматтарға суға түсу кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертеді.

- Су айдындарында:
- тек арнайы белгіленген және жабдықталған орындарда шомылыңыз;
 - балаларды су жағасында қараусыз қалдырмаңыз;
 - жүзу қабілетіңізді дұрыс бағалаңыз;
 - бейтаныс және қауіпті жерлерде суға түспеңіз;

- мас күйінде суға түсуге болмайды;
- ауа райының қолайсыз жағдайларында суға шығудан бас тартыңыз.

Судағы қауіпсіздік әр адамның өз жауапкершілігінен басталады. Бір ғана немқұрайдылық адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

Жарма ауданының ТЖБ тұрғындарды қауіпсіздік талаптарын сақтауға, судағы демалыс кезінде барынша сақ болуға шақырады.

Қауіпсіз демалыс – өз қолыңызда!

Жарма аудандық Төтенше жағдай бөлімі.

Қоқыс жағуға жол берілмейді



Ауа температурасының жоғарылауына және құрғақшылықтың орын алуына байланысты өрт қаупі артып отыр. Соған қарамастан кейбір тұрғындар өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамай, ауладағы және тұрмыстық қалдықтарды жағу әрекеттерін жалғастыруда.

Осы аптада Жарма ауданы аумағында күннің ыстығына қарамастан қоқыс жағу фактілері анықталды. Атап айтқанда, Малай ауылы мен Шар қаласында осындай заң бұзушылықтар тіркеліп, кінәлі тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 336-бабы бойынша әкімшілік шаралар қолданылды.

Қоқыс жағу кезінде оттың бақылаудан шығып кетуі, құрғақ шөптердің тұтануы және елді мекендерге таралуы мүмкін. Мұндай жағдайлар үлкен өртке, материалдық шығынға және адам өміріне қауіп төндіруі ықтимал.

Жарма ауданының төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарға қоқыстарды, құрғақ шөптерді және басқа да жанғыш қалдықтарды өртеуге болмайтынын ескертеді. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау – әр азаматтың міндеті.

Тұрғындарды табиғатқа жанашырлықпен қарап, өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз.

Отпен абай болыңыз! Өрттің алдын алу – ортақ міндет!

Жарма аудандық Төтенше жағдай бөлімі.

НИТРАТТАРМЕН УЛАНУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ МЕН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



Нитраттар – бұл өсімдіктерге өте пайдалы тыңайтқыштармен қаныққан топырақта болатын азот қышқылының тұздары. Бірақ көкөністердің, жемістер мен көктердің кейбір түрлері осы топырақтан қажет мөлшерден көп нитраттарды сіңіре алады. Сондай-ақ, нитраттар топырақта азот тыңайтқыштары тым көп болған жағдайда өнімдерде жиналады.

Жеміс — жидек өсірумен шұғылданатын дихандар бақша өнімдерін қысқа мерзімде өсіріп, пісіп-жетілдіру мақсатында көп жағдайда тыңайтқыштарды қолданады. Қалыпты жағдайда топырақ құрамында бұл минералдың жетіспеушілігі байқалады да, егінді молынан алу мүмкіншілігін азайтады. Сол себепті де, шаруалар мұндай қоспаларды пайдалануға мәжбүр.

Нитраттар қалыпты мөлшерде адам ағзасына зиянын тигізбейді, ал өнімдердегі олардың шектен тыс мөлшері қауіпті ауытқуларға әкелуі мүмкін.

Нитраттармен уланудың белгілері: құсу, іштің өтуі (диарея), еріннің цианозы (көгеруі), жүрек жұмысының бұзылуы. Осы алғашқы белгілерден кейін

келесі тез дамиды ауытқулар байқалады: қан қысымы төмендейді, бас ауруы күшейеді, конвульсиялар пайда болады, сана бұзылады. Алдымен олар созылмалы шаршау және авитаминоз белгілеріне ұқсас белгілерді тудырады: тұрақты бас аурулары, бас айналуы, көздің қараюы, жалпы әлсіздік және апатия пайда болады. Ұзақ мерзімді болашақта олардың қайтымсыз салдары мен зияны болады.

Нитраттармен уланудың қарапайым алдын алу шараларын қарастыруға болады, мысалға: көкөніс салатын маймен ғана емес, лимон шырынмен де дәмдеңіз, ол қауіпті азоты қосылысты бұзатын «С» витаминіне өте бай. Түбірлік дақылдарды мұқият жуып, қабығын аршып, суық тұзды суға батырыңыз, ол шамамен жарты сағатта көкөністегі нитраттардың концентрациясы 25%-ға төмендетуге әсер етеді. Кабачки, гүлді қырыққабат және брокколиге қайнаған су құйып немесе қайнаған суға 5-10 минут қайнату зиянды заттардың мөлшерін азайтуға септігін тигізеді.

Ең бастысы мерзімінен ерте піскен және жылы жай көкөністерін

көп пайдаланбаңыз. Көкөністердің табиғи жолмен, мерзіміне сай, толық піскенін күткен абзал.

Жеміс жидектердің құрамындағы нитраттардың мөлшерін өлшейтін құрылғылар бүгінде кең таралған, оларды тұрмыста қолдану өте оңай. Бұл жедел нәтиже бере алатын шағын құрылғы. Зондты жеміс целлюлозасына батыру жеткілікті, құрылғы бірден түсті жауап береді: жасыл — оны қауіпсіз жеуге болады, сары — көкөністер мен жемістердегі нитраттардың концентрациясы шегінде, қызыл — денсаулыққа қауіпті екенін білдіреді.

Сонымен қатар, елімізге алыс-жақын шетелдерден тасымалданатын жеміс жидектердің ұзақ жолға тасымалдау кезінде күннің ыстық мерзімінде тез бұзылмас үшін химиялық заттармен мөлшерден тыс өңделуі де мүмкін.

Әсіресе экзотикалық, сырт келбеті жылтыр, әдемі, бір де бір зақым жоқ жеміс жидектерді сақтықпен пайдалануға кеңес береміз. Мұндай өнімдерді міндетті түрде ағынды судың астында, мұқият жуғаннан кейін сақтықпен тұтыныңыз.

Жеміс –жидектерді сатып алғанда, сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжатын және өнімнің қайдан тасымалданғанын сұрауға құқылысыз, ондай құжаттары болмаса сатып алмаңыз жөн.

Сонымен тек маусымына сай піскен жемістер мен жидектерді пайдаланыңыз, ондай өнімдер жақсы дәмге ғана емес адам ағзасына пайдалы витаминдер мен минералдарға бай.

*А. Жалелова,
Жарма аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
басқармасы басшысы.*

Дәмі де, тілі де қазақша – "МИЛЛАРД" мейрамханасы

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, ұлттық болмысымыздың айнасы. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ұлттың мәдениеті мен тарихын, дәстүрі мен құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін қасиетті мұра.

Кәсіпкер ретінде мен өз ісімді дамыту мен тұтынушыларға сапалы қызмет көрсетуді басты міндетім деп санаймын. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға әрбір азамат, әрбір кәсіпкер өз үлесін қосуды қажет деп есептеймін. Осы мақсатта жуырда өзім басқарып отырған мейрамхананың ас мәзірін толықтай қазақ тіліне аударып, мемлекеттік тілде рәсімдедік. Бұған қоса, мекемедегі барлық көрнекі ақпараттар, хабарландырулар, ескертулер қазақ тілінде жазылды. Қызмет көрсететін күтуші қыздарымыздың аты-жөндері де қазақ тілінің нормаларына сай көрсетілді.

Бұл – тек заң талаптарын орындау ғана емес, туған тілімізге деген құрметтің нақты көрінісі. Бүгінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – баршамызға ортақ міндет. Әсіресе халықпен тікелей жұмыс істейтін кәсіпкерлік нысандарда қазақ тілінің кеңінен қолданылуы өте маңызды.

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасы мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданылуын көздейді. Сондықтан кәсіпкерлер заң талаптарын сақтап қана қоймай, мемлекеттік тілді насихаттаудың үлгісін көрсетуі керек деп ойлаймын.

Мен барлық әріптес кәсіпкерлерді осы бағытта белсенді жұмыс істеуге шақырамын. Кәсібімізді дөңгелетіп, табысымызды арттыра отырып, халқымыздың тілін де дәріптейік. Әрбір қазақша жазылған мәзір, әрбір мемлекеттік тілдегі ақпарат, әрбір қазақша көрсетілген қызмет – ұлттық құндылықтарға деген құрметтің белгісі.

Тілімізді құрметтеу – заңды орындау ғана емес, елге деген жанашырлықтың, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершіліктің көрінісі. Сондықтан «Дәмі де, тілі де қазақша» қағидатын ұстанып, мемлекеттік тілді күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдырайық.

Бірлігімізді бекемдеп, ана тіліміздің абыройын бірге асқартайық!

*Жеке кәсіпкер:
Ерменбаева Сауле Базарханқызы*

Зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шектерін есептеудің жаңа Әдістемесі күшіне енді



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 21 мамырдағы №422 қаулысының талаптарын орындау мақсатында БЖЗҚ бұқаралық ақпарат құралдарында және өзінің ресми интернет-ресурсында есептеу әдістемесіне енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2026 жылға арналған зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шектерін (ТЖШ) жариялады.

Жаңа Әдістемеге сәйкес ТЖШ мөлшері болашақтағы нысаналы зейнетақы төлемдерінің көрсеткіштеріне негізделіп айқындалады және салымшының әрбір жасына қарай ай сайынғы төлемдердің келтірілген құнын есептеудің стандартты формуласы арқылы есептеледі.

Аталған формула болашақтағы төлемдердің тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді демографиялық (ұлттық демографиялық кестелер) және қаржылық (кірістілік мөлшерлемелері мен төлемдерді индекс-теу көрсеткіштері) факторларды ескереді.

Төлемдердің келтірілген құнын есептеу формуласы қажетті жинақ көлемін анықтаудың халықаралық тәжірибесіне негізделген. Сондықтан есептеу нәтижелері макроэкономикалық көрсеткіштер болжамдарының өзгеруіне азырақ тәуелді болады. Сонымен қатар есептеулерде бұрынғыдай республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын белгіленетін ең төменгі зейнетақы мен ең төменгі жалақы мөлшерлері пайдаланылады.

Бұл ретте формулада жинақтың бір бөлігін пайдаланған сәттен бастап зейнеткерлік жасқа дейінгі кезеңде түсетін болашақ зейнетақы жарналары есепке алынбайды. Мұндай

тәсіл жинақтарының бір бөлігін пайдаланған азаматтардың болашақта төмен мөлшердегі жинақтаушы зейнетақы алу қаупін азайтуға бағытталған.

Сонымен бірге зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту мен емделуге пайдалану құқығы сақталады. Зейнетақысы бұрынғы табысының кемінде 40%-ын құрайтын зейнеткерлер тұрғын үй және емделу мақсаттарына жинақтарының 50%-ына дейін пайдалана алады. Сондай-ақ зейнетақы аннуитеті шартын жасаған азаматтар мен мемлекеттен еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алатын тұлғалардың зейнетақы шотында қалған қаражатты толық көлемде пайдалану құқығы бар.

Ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинақтарды пайдалану мүмкіндігі де сақталады. Алайда азаматтардың болашақта жеткілікті әрі тұрақты зейнетақы төлемдерін алуын қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріле отырып, алуға болатын қаражат көлемін айқындау тәсілдері жетілдірілуде.

ТЖШ мөлшері салымшының жасына қарай 79% және одан жоғары өсті. Яғни зейнеткерлік жас жақындаған сайын болашақтағы зейнетақы төлемдеріне қойылатын талаптар күшейіп, зейнетақы шотында сақталуға тиіс қаражат көлемі де артады. Осыған байланысты зейнеткерлік жасқа жақындаған азаматтар үшін ТЖШ мөлшері екі еседен астам ұлғайды.

Бұл олардың зейнетақы жинақтарының шоттарында сақталып, әрі қарай инвестициялануын қамтамасыз етеді және болашақтағы зейнетақы төлемдерінің едәуір артуына мүмкіндік береді. Бұрынғы Әдістеме бойынша жинақтың бір бөлігін алғаннан кейінгі төлемдер медиандық жалақының шамамен 15%-ын құраса, жаңа Әдістеме бойынша бұл көрсеткіш медиандық жалақының шамамен 40%-ына дейін жетеді.

Осылайша, ең төменгі жеткіліктілік шегін айқындаудың жаңа әдістемесі салымшылар үшін неғұрлым ашық әрі болжауға ыңғайлы және халықаралық стандарттарға сәйкес азаматтардың зейнеткерлік кезеңде тұрақты зейнетақы кірісімен қамтамасыз етілуіне бағытталған.

«Ұлттық қор - балаларға»: қазақстандықтар тұрғын үйге және білім алуға 58 млн АҚШ долларына жуық қаражат жұмсады

2026 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша бағдарлама іске қосылған 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап нысаналы жинақтарды (НЖ) пайдалануға берілген 316 223 өтініш орындалып, жалпы сомасы 57,88 миллион АҚШ долларына жуық қаражат өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін уәкілетті операторларға аударылды. Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайын жақсартуды көздеді: 36,94 млн АҚШ доллары сомасына 201 245 өтініш орындалды. Білім беру ақысын төлеу үшін 20,94 млн АҚШ доллары сомасына 114 978 өтініш орындалды.

НЖ алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Егер қаражаттың бір бөлігі талап етілмесе, қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) 10 жыл бойы сақталады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаты – одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (36,23 млн АҚШ долларына 196 893 өтініш). Сонымен қатар тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна ретінде енгізу үшін 1 498 өтініш беріліп, олар бойынша 248,94 мың АҚШ доллары аударылса, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) – 156,59 мың АҚШ долларына 989 өтініш орындалды.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (19,68 млн АҚШ долларына 106 315 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (842,16 мың АҚШ долларына 5 947 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін)

немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (319,33 мың АҚШ долларына 2 114 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға 130,71 АҚШ доллары кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы – 129,38 АҚШ доллары, 2023 жылы – 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануын жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда):

- үшінші жыл - 370 доллар 56 цент;
- екінші жыл - 263 доллар 93 цент;
- бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында 130 доллар 71 цент.

18 жасқа толмаған баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты оның ата-анасы және өзге де заңды өкілдері kids.enpf.kz сайтында баланың ЖСН бойынша, eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ eGov Mobile және кейбір екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында тексере алады.

Егер балаларға 2025 есепті жылы есептелген нысаналы талаптар туралы ақпарат көрсетілмесе, онда мобильді қосымшалардағы құжаттарды төменде көрсетілген жолмен жаңарту қажет:

-eGov Mobile қосымшасында:

"Цифрлық құжаттар" - "Отбасы" - "Құжаттар тізімін жаңарту" - "Ұлттық қордан есептеулер";

-екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: "Мемлекеттік қызметтер" - "Барлық құжаттар" - "Құжаттар тізімін жаңарту" - "Ұлттық қордан есептеулер".

Биыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы мәліметтердің заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмеуі нысаналы талаптардың нысаналы жинақтарға (НЖ) айналуына байланысты. Осыған орай, есептелген қаржы туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тікелей НЖ алушыға, яғни 2026 жылы 18 жасқа толған немесе толатын азаматқа беріледі. Аталған азаматтар НЖ туралы ақпаратты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры интернет-ресурсындағы немесе электрондық үкімет порталындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс. Ал 18 жасқа толғаннан кейін НЖ төлемдерін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында алу үшін уәкілетті операторға жүгініп, АҚШ долларымен банктік шот ашып, онлайн-өтініш беруі қажет.

Бүгінгі күні уәкілетті операторлар: -"Отбасы банкі" АҚ (тұрғын үй және білім алу ақысын төлеу),

-"Халық банкі" АҚ (білім алу ақысын төлеу),

-"Банк ЦентрКредит" АҚ (білім алу ақысын төлеу).

Нысаналы талаптарға қатысушы кәмелетке толмаған балалар және нысаналы жинақтарды кәмелетке толған алушылар бойынша, сондай-ақ нысаналы жинақтарды тұрғын үйге және (немесе) білім алуға пайдалану жөніндегі статистикамен enpf.kz сайтында танысуға болады.

kids.enpf.kz сайтында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында осы тақырып бойынша бейне нұсқаулықты көруге болады:

БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін алуға уақытылы өтініш беру қажеттілігін еске салады

БЖЗҚ салымшылардың (төлем алушылардың), сондай-ақ БЖЗҚ-да жинақтары бар қайтыс болған адамдар мұрагерлерінің зейнетақы төлемдерін алуға уақтылы өтініш беруі қажеттілігі туралы тұрақты түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Жыл сайын БЖЗҚ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен бірігіп БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары бар, бірақ олар бойынша зейнетақы төлемін алу үшін БЖЗҚ-ға жүгінбеген зейнет жасына толған тұлғалар бойынша халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде аталған адамдарға бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерінің бар-жоқтығына салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізеді. Бұл шара аталған азаматтардың халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінде бюджет қаражаты есебінен тағайындалған жасына байланысты, еңбек өтілі үшін берілетін зейнетақы төлемдерінің және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің бар-жоғын анықтау үшін жасалады.

Биылғы наурыз айынан бастап зейнеткерлік жасқа жеткен, БЖЗҚ-да ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен жинақтары бар, соның ішінде 50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты оларды алуға БЖЗҚ-ға өтініш жасамаған тұлғаларға ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін өтінішсіз (проактивті) тағайындау тәртібі енгізілді. Бұл тәртіп те «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен жыл сайын осындай салыстырып тексеруді көздейді.

Жыл сайынғы салыстырып тексеру нәтижелері бойынша БЖЗҚ Мемлекеттік корпорация арқылы алушыларға зейнетақы төлемдерін проактивті форматта жүзеге асырады. Яғни, мемлекеттік бюджеттен зейнетақы алатын зейнеткерлердің БЖЗҚ-да МЗЖ, МКЗЖ және ЕЗЖ есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтары болса, олар БЖЗҚ-дан да төлемдерді автоматты түрде ала бастайды.

Статистика

2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша, жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткен 279 041 адамның МЗЖ-ны есепке алуға арналған жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) талап етілмеген зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы шамамен 45 млрд теңгені құрайды. БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алған мәліметтерге сәйкес, олардың ішінде:

-155 217 адам қайтыс болған, олардың зейнетақы жинақтары мұрагерлері талап ете алады;

-61 459 адам заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға (ТТЖ) кетуді рәсімдеген;

-62 365 адам жасына байланысты зейнетақысын рәсімдеу үшін Мемлекеттік корпорацияға (тұрғылықты жері бойынша ХҚКО) әлі жүгінбеген.

Зейнетақы төлемдерін қалай алуға болады?

Еске сала кетейік, зейнетақы жинақтары БЖЗҚ-дағы салымшылардың (алушылардың) ЖЗШ-сында есепке алынады, инвестициялануын жалғастыра береді және оларды алушылар немесе олардың мұрагерлері (алушы қайтыс болған жағдайда) талап еткенге дейін шотта сақталады.

Жалпыға бірдей белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенде

Жасына байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін тағайындау, сондай-ақ мемлекеттік бюджеттен базалық және ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін алушылар тұрғылықты жері бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына (ХҚКО) жүгінуі қажет.

Бұл ретте егер алушының БЖЗҚ-да ЕЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары болып, бірақ оларды алуға бұрын (50 жасқа толуына немесе мүгедектігіне байланысты) өтініш бермеген болса, оған БЖЗҚ-дан ЕЗЖ есебінен де зейнетақы төлемдері бірге тағайындалады.

Тұрақты тұруға (ТТЖ) шетелге кеткенде

Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар ТТЖ-ға кетуіне байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын пайдалана алады.

Жинағы бар адам қайтыс болған жағдайда

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, оның отбасы мүшелеріне БЖЗҚ қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарының есебінен тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 94 еселенген айлық есептік көрсеткіш (АЕК) шегінде, бірақ қайтыс болған адамның ЖЗШ-сында бар қаражаттан аспайтын мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлемді жүзеге асырады.

Сондай-ақ, зейнетақы және нысаналы жинақтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады. Жинағы бар адам қайтыс болғаннан кейін 6 ай ішінде оның мұрагерлері қайтыс болған адамның жинақтары түріндегі мұрагерлік мүлікті рәсімдеу және мұраға құқық туралы куәлікті алу үшін нотариусқа жүгінуі тиіс. Егер өтініш беру мерзімін өткізіп алса, мұраға құқықты қалпына келтіру үшін сот органдарына жүгіну қажет.

Зейнетақы төлемдерінің түріне және өтініш беру тәсіліне қарай қажетті құжаттардың тізімі enpf.kz сайтының «Қызметтер – Зейнетақы төлемдері» бөлімінде орналастырылған.

Материалдарды Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ұсынды.

21 ИЮНЯ - ДЕНЬ МЕДИЦИНСКОГО РАБОТНИКА РК

ЗА БЛАГОРОДНЫЙ ТРУД И ПРОФЕССИОНАЛИЗМ

В преддверии знаменательного праздника – Дня медицинского работника, отмечаемого в Казахстане в третье воскресенье июня, в районе чествовали людей самой гуманной и ответственной профессии. Подобные церемонии проходят ежегодно во всех регионах страны и являются знаком уважения к непростому труду медиков.

В праздничной обстановке в районном доме культуры собрались врачи, медицинские сестры, фельдшеры, сотрудники скорой помощи, ветераны здравоохранения и молодые специалисты, представляющие все округа Жармы. Со словами поздравления к виновникам торжества обратился исполняющий обязанности акима района Берик Терликбаев, выразив признательность за их нелегкий, но благородный труд, профессионализм и преданность избранному делу. Было отмечено, что жарминские медицинские работники ежедневно стоят на страже здоровья населения района, оказывая помощь пациентам в самых сложных жизненных ситуациях. Благодаря их знаниям, опыту и вниманию тысячи людей получают



необходимое лечение и поддержку. Особые слова благодарности прозвучали в адрес ветеранов сферы, которые многие годы посвятили добросовестному служению людям и воспитанию нового поколения медработников района.

По доброй традиции лучшие медработники были отмечены почетными грамотами, благодарственными письмами и наградами за пло-

дотворную работу, высокий уровень профессионального мастерства и значительный вклад, внесенный в развитие системы здравоохранения. Среди них медсестра поликлиники А.Рахимжанова – удостоена почетной грамоты министра здравоохранения Казахстана, заместитель главного врача районной больницы С.Сейтханова – отмечена благодарственным письмом акима области Абай, заместитель главного врача А.Алпысбаева, медсестры школ Р.Журтубаева, Г.Шалхарова, медсестры кабинетов стоматологии, онкологии, реанимации Г.Сулейменова, Г.Масалимова, Ж.Узбекова, ветеран медицины Б.Ахтамбекова – отмечены благодарственным письмом акима района. Более тридцати специалистам Жармы вручены грамоты и благодарственные письма от профсоюза работников районной больницы.

Теплые пожелания и слова благодарности, а также красивая концертная программа, подготовленная в этот день артистами Дома культуры, создали особую праздничную атмосферу, подарив медицинским работникам хорошее настроение и заслуженное внимание.



МЕМОРИАЛ

